

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 212 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 шілдеде № 15352 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Энергетикалық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 59 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10444 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 сәуірде жарияланған) бұйрығына:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Энергетикалық сараптама жүргізу қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2) Құші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 30.10.2024 № 386 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 30.10.2024 № 386 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күнінің ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі*

К. Бозымбаев

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
2017 жылғы 20 маусымдағы
№ 212 бұйрығына 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
2015 жылғы 3 ақпандагы
№ 59 бұйрығымен бекітілген

Энергетикалық сараптама жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Энергетикалық сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді және энергетикалық сараптама жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жылу энергиясын беру – жасалған шарттарға сәйкес энергия беруші ұйымдардың жылу желілері бойынша жылу энергиясын тасымалдау жөнінде көрсететін қызметі;

2) зерттелетін ұйым – энергетикалық сараптама жүргізуге сараптама ұйымымен шарт жасасқан жеке немесе занды тұлға;

3) сараптама ұйымы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес энергетикалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын занды тұлға;

4) тұтынушы – электр және (немесе) жылу энергиясын шарт негізінде тұтынатын жеке немесе занды тұлға;

5) электр қондырғылары – электр энергиясын өндіруге, түрлендіруге, трансформациялауга, беруге, таратуга және оны энергияның басқа түріне ауыстыруға арналған машиналардың, аппараттардың, желілер мен қосалқы жабдықтардың (олар орнатылған құрылыштар мен үй-жайлармен бірге) жиынтығы;

6) энергетикалық сараптама – электр энергетикасы саласында жұмыс істеп тұрган объектілер, реконструкцияланатын, жаңғыртылатын және жаңадан салынып жатқан объектілердің жобалары бойынша, сондай-ақ олардағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес технологиялық бұзушылықтар мен өндірістік жарақаттануды тергеп-тексеру кезінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігіне жүргізілетін электр энергетикасы саласындағы сараптама.

2. Энергетикалық сараптама жүргізу тәртібі

3. Энергетикалық сараптаманы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 218 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13840 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыру үшін сараптама ұйымдарына қойылатын талаптарымен айқындалатын 1, 2, 3-санаттарына сәйкес сарапшы ұйымдар жүргізеді:

1) 1-санаттағы сараптама ұйымдары энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдарға және электр және жылу энергиясын тұтынушыларға энергетикалық сараптама жүргізеді.

2) 2-санаттағы сараптама ұйымдары электр қондырғыларының 500 килоВольтАмперге (бұдан әрі – кВА) дейінгі және (немесе) жылу қондырғыларының 1 Гигакалорий/сағатқа (бұдан әрі - Гкал/сағ.) дейінгі қосылған қуаты бар электр және жылу энергиясын тұтынушыларға энергетикалық сараптама жүргізеді.

3) 3-санаттағы сараптама ұйымдары электр қондырғыларының 100 кВА дейінгі және (немесе) жылу қондырғыларының 1 Гкал/сағ дейінгі қосылған қуаты бар электр және жылу энергиясын тұтынушыларға энергетикалық сараптама жүргізеді.

4. Энергетикалық сараптама сараптама және зерттелетін ұйымдар арасында энергетикалық сараптама жүргізуге жасалған шарт негізінде жүргізіледі.

5. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның сұрау салуы бойынша энергетикалық сараптама мынадай жағдайларда:

1) электр станцияларындағы, электр және жылу желілеріндегі энергетикалық жабдықтардағы технологиялық бұзушылықтар мен аварияларды тергеп-тексеру кезінде , сондай-ақ оларда өндірістік жарақаттану жағдайларында;

2) технологиялық бұзушылық – екі ай ішінде екі реттен астам бір жабдық бойынша Заңның 5-бабының 32) тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен белгіленген тәртіппен I-дәрежелі істен шығу кезінде;

3) электр және жылу энергиясын өндіру үшін шартты отынның үлес шығысының немесе жеке қажеттіліктерге жұмсалатын энергетикалық ресурстар шығынының артуы кезінде жүргізіледі.

6. Энергетикалық сараптама осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес энергетикалық сараптама жүргізу жоспары бойынша жүзеге асырылады.

7. Жүргізілген энергетикалық сараптама нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды жасалады, онда сараптама жүргізу нысанасы бойынша сарапшылардың дәлелденген, негізделген және толық тұжырымдары көрсетіледі.

8. Энергетикалық сараптама қорытындысының мәтіні кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерден тұрады.

9. Энергетикалық сараптама қорытындысының кіріспе бөлімі құжатты әзірлеу орны мен күні туралы мәліметтен, сараптама жүргізілетін ұйымның толық атауынан, басшысының лауазымынан, тегі мен аты-жөнінен, энергетикалық сараптама атауынан және уақытынан, сондай-ақ энергетикалық объектінің тексерілетін жабдығының тізбесінен тұрады.

10. Энергетикалық сараптама қорытындысының негізгі бөлімінде зерттелетін жабдықтың және энергетикалық объектінің іс-жүзіндегі жай-күйі, сараптама ұйымымен анықталған және сараптама жұмыстары кезінде жойылған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы ақпарат көрсетіледі.

11. Қорытынды бөлімде нормативтік құқықтық актінің нақты тармағына сілтеме жасай отырып, электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкесіздікті жою жөніндегі іс-шаралар жазылады.

12. Энергетикалық сараптама қорытындысын сараптама ұйымының басшысы бекітеді және ол ұйымның мөрімен куәландырылады.

13. Энергетикалық сараптама қорытындысы үш данада ресімделеді: бір данасы зерттелетін ұйымға беріледі, екінші данасы сараптама ұйымында сақталады, үшінші данасы энергетикалық сараптаманы жүргізуге осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес сұрау салған жағдайда, мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға жіберіледі.

Энергетикалық сараптама
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Электр және жылу энергиясын өндіретін ұйымдарға энергетикалық сараптама жүргізу жоспары

1. Электр станциясы (қазандық) техникалық көрсеткіштерінің негізгі және қосалқы энергетикалық жабдықтың жинағы мен құрамы бойынша жобалық (паспорттық) деректерге сәйкес келуі.

2. Негізгі және қосалқы энергетикалық жабдықтың, ғимараттар мен құрылыштардың техникалық жай-күйін бағалау (физикалық тозуы, техникалық сипаттамалардың жобалық немесе белгіленген тәртіппен өзгерілген деректерге сәйкестігі).

3. Электр және жылу энергиясын өндіретін ұйымдардың техникалық пайдалану деңгейінің мынадай жабдықтар:

1) станциялық жылыту қондырғылары;

- 2) күлді ұстап қалатын және күл жою жүйелері;
- 3) жылу электр станцияларының құбыржолдары;
- 4) жылу автоматикасы және өлшеу құрылғылары;
- 5) реттеу және турбиналардың бу тарату жүйелері;
- 6) су жылдыту және бу энергетикалық қазандары;
- 7) газ шаруашылығы;
- 8) мазут шаруашылығы;
- 9) отын-көлік жабдығы;
- 10) мұнаралық градирнялар;
- 11) өндірістік ғимараттар, құрылыштар және аумақтар;
- 12) табиғатты қорғау объектілері;
- 13) релелік қорғау, аварияға қарсы автоматика және байланыс құрылғылары;
- 14) су-турбиналық жабдықтар;
- 15) электр техникалық жабдықтар (генераторлар, электр қозғалтқыштары, күш және өлшеу трансформаторлары, реакторлар, коммутациялық аппараттар);

16) компрессорлық, аккумуляторлық, электролиздік қондырғылар болған кезде электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі.

4. Авариясыз жұмысты және қызмет көрсетудің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ететін техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар болған және олар орындалған кезде, оның ішінде:

- 1) мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның шешімдері бойынша іс-шараларды орындау;
- 2) технологиялық бұзушылықтарды тергеп-тексеру актілері бойынша іс-шараларды орындау;
- 3) жедел және диспетчерлік тәртіпті сактау бойынша талаптарды орындау.

5. Кәсіпорын жұмысының және оларды жақсарту бойынша қабылданатын шаралардың техникалық-экономикалық көрсеткіштерін бағалау.

Энергетикалық сараптама
жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Жылу энергиясын беретін және тарататын ұйымдарға энергетикалық сараптама жүргізу жоспары

1. Жылу желілері техникалық көрсеткіштерінің энергетикалық жабдықтың жинағы мен құрамы бойынша жобалық (паспорттық) деректерге сәйкес келуі.
2. Мынадай жабдық:
 - 1) магистральдық және таратушы жылу желілері;
 - 2) аудандық қазандықтардың және сорғы станцияларының жабдығы;

3) бак-аккумуляторлары болған кезде энергетикалық жабдықтың, ғимараттар мен құрылыштардың техникалық жай-күйін бағалау (физикалық тозуы, техникалық сипаттамалардың жобалық немесе белгіленген тәртіппен өзгертилген деректерге сәйкестігі).

3. Электр және жылу энергиясын беретін және тарататын ұйымдардың техникалық пайдалану деңгейінің мынадай жабдықтар:

- 1) жылу желілері (магистральдық және таратушы);
- 2) бак-аккумуляторлары;
- 3) су жылдыту қазандықтары;
- 4) күлді ұстап қалатын және күл жою жүйелері;
- 5) газ шаруашылығы;
- 6) мазут шаруашылығы
- 7) автоматика және өлшеу құрылғылары;
- 8) өндірістік ғимараттар, құрылыштар;

9) табиғатты қорғау объектілері болған кезде электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі.

4. Авариясыз жұмысты және қызмет көрсетудің қауіпсіз шарттарын қамтамасыз ететін техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар болған және олар орындалған кезде, оның ішінде:

- 1) мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның шешімдері бойынша іс-шараларды орындау;
- 2) технологиялық бұзушылықтарды тергеп-тексеру актілері негізінде өзірленген іс-шараларды орындаудың уақтылығы және толықтығы.

5. Кәсіпорын жұмысының және оларды жақсарту бойынша қабылданатын шаралардың техникалық-экономикалық көрсеткіштерін бағалау.

Энергетикалық сараптама
жүргізу қағидаларына
3-қосымша

Электр энергиясын беретін ұйымға энергетикалық сараптама жүргізу жоспары

1. Электр желілері техникалық көрсеткіштерінің жобалық немесе белгіленген тәртіппен өзгертилген деректерге (кернеу сыныптары бойынша ұзындығы, 35 килоВольт (бұдан әрі – кВ) және одан жоғары шағын станциялар трансформаторларының, 6-10/0,4 кВ трансформаторлық шағын станциялардың саны және белгіленген қуаты) сәйкес келуі.

2. Мынадай жабдықтың:

- 1) электр беру желілері;
- 2) 35 кВ және одан жоғары трансформаторлық шағын станциялардың, 6-10/0,4 кВ трансформаторлық шағын станциялардың және 6-10 кВ тарату бекеттерінің

жабдықтары энергетикалық жабдықтың, ғимараттар мен құрылыштардың техникалық жай-күйін бағалау (физикалық тозуы, техникалық сипаттамалардың жобалық немесе белгіленген тәртіппен өзгертулген деректерге сәйкес келуі).

3. Электр энергиясын беретін ұйымдардың техникалық пайдалану деңгейінің мынадай жабдықтар:

1) әуе электр тарату желілері;

2) кабельді электр тарату желілері;

3) компрессорлық жабдықтар;

4) өрт сөндірудің автоматтандырылған жүйелері;

5) тарату құрылғыларының жабдықтары;

6) өндірістік ғимараттар, құрылыштар;

7) күштік трансформаторлар және май реакторлары;

8) электролиздік қондырғылар;

9) релелік қорғау және автоматика, аварияға қарсы автоматика және байланыс құрылғылары болған кезде электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі.

4. Авариясыз жұмысты және қызмет көрсетудің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ететін техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар болған және олар орындалған кезде, оның ішінде:

1) мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның шешімдері бойынша іс-шараларды орындау;

2) технологиялық бұзушылықтарды тергеп-тексеру актілері негізінде өзірленген іс-шараларды орындаудың уақтылығы және толықтығы.

5. Кәсіпорын, оның құрылымдық бөлімшелері жұмысының және оларды жақсарту бойынша қабылданатын шаралардың техникалық-экономикалық көрсеткіштерін бағалау.

Энергетикалық сараптама

жүргізу қағидаларына

4-косымша

Электр энергиясын тұтынушыларға энергетикалық сараптама жүргізу жоспары

1. Электр желілері техникалық көрсеткіштерінің жобалық немесе белгіленген тәртіппен өзгертулген деректерге (кернеу сыныптары бойынша ұзындығы, 35 кВ және одан жоғары шағын станциялар трансформаторларының, 6-10/0,4 кВ трансформаторлық шағын станциялардың саны және белгіленген қуаты) сәйкес келуі.

2. Мынадай жабдықтың:

1) электр беру желілері;

2) 35 кВ және одан жоғары трансформаторлық шағын станциялардың, 6-10/0,4 кВ трансформаторлық шағын станциялардың және 6-10 кВ тарату бекеттерінің

жабдықтары энергетикалық жабдықтың, ғимараттар мен құрылыштардың техникалық жай-күйін бағалау (физикалық тозуы, техникалық сипаттамалардың жобалық немесе белгіленген тәртіппен өзгертулген деректерге сәйкес келуі).

3. Электр энергиясын тұтынушыларының энергетикалық объектілерді техникалық пайдалану деңгейінің мынадай жабдықтар:

- 1) әуе электр тарату желілері;
- 2) кабельді электр тарату желілері;
- 3) компрессорлық жабдықтар;
- 4) өрт сөндірудің автоматтандырылған жүйелері;
- 5) тарату құрылғыларының жабдықтары;
- 6) өндірістік ғимараттар, құрылыштар;
- 7) күштік трансформаторлары және май реакторлары;
- 8) электролиздік қондырғылар;

9) релелік қорғау және автоматика, аварияға қарсы автоматика және байланыс құрылғылары болған кезде электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі.

4. Авариясыз жұмысты және қызмет көрсетудің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ететін техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар болған және олар орындалған кезде, оның ішінде:

- 1) мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның шешімдері бойынша іс-шараларды орындау;
- 2) технологиялық бұзушылықтарды тергеп-тексеруу актілері негізінде өзірленген іс-шараларды орындаудың уақытылығы және толықтығы;
- 3) жедел және диспетчерлік тәртіпті сақтау бойынша талаптарды орындау.

5. Кәсіпорын, оның құрылымдық бөлімшелері жұмысының және оларды жақсарту бойынша қабылданатын шаралардың техникалық-экономикалық көрсеткіштерін бағалау.

Энергетикалық сараптама
жүргізу қағидаларына
5-қосымша

Жылу энергиясын тұтынушыларға энергетикалық сараптама жүргізу жоспары

1. Жылу желілері техникалық көрсеткіштерінің энергетикалық жабдықтың жинағы мен құрамы бойынша жобалық (паспорттық) деректерге сәйкес келуі.

2. Мынадай жабдық:

- 1) магистральдық және таратушы жылу желілері;
- 2) казандық және сорғы станцияларының жабдықтары;
- 3) бак-аккумуляторлар болған кезде энергетикалық жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыштардың техникалық жай-күйін бағалау (физикалық тозуы, техникалық

сипаттамалардың жобалық немесе белгіленген тәртіппен өзгертулген деректерге сәйкес келуі).

3. Жылу энергиясын тұтынушыларының энергия объектілерінің техникалық пайдалану деңгейінің мынадай жабдықтар:

- 1) жылу желілері (магистральдық және таратушы);
- 2) бак-аккумуляторлар;
- 3) су жылдыту қазандықтары;
- 4) күлді ұстап қалатын және күл жою жүйелері;
- 5) газ шаруашылығы;
- 6) мазут шаруашылығы;
- 7) автоматика және өлшеу құрылғылары;
- 8) өндірістік ғимараттар, құрылыштар;

9) табиғат қорғау объектілері болған кезде электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі.

4. Авариясыз жұмысты және қызмет көрсетудің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ететін техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар болған және олар орындалған кезде, оның ішінде:

- 1) мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның шешімдері бойынша іс-шараларды орындау;
- 2) технологиялық бұзушылықтарды тергеп-тексеру актілері негізінде өзірленген іс-шараларды орындаудың уақтылығы және толықтығы;

5. Тұтынушы жұмысының және оларды жақсарту бойынша қабылданатын шаралардың техникалық-экономикалық көрсеткіштерін бағалау.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 20 маусымдағы
№ 212 бұйрығына 2-қосымша

Ескеरту. 2-қосымшаның күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 30.10.2024 № 386 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.